

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ЕГИПЕТ АРАБ  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ  
ТЕХНИКА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 29 сәуір  
1994 ж. N 461

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:  
1993 жылы 14 ақпанда Каир қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы экономика, ғылым  
және техника ынтымақтастығы туралы Келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб  
Республикасының Үкіметі арасындағы экономика, ғылым және  
техника ынтымақтастығы туралы  
КЕЛІСІМ**

*(1997 жылғы 26 ақпанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)*

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет  
Араб Республикасының Үкіметі;  
екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайту және өз арасында экономика,  
ғылым және техника ынтымақтастығын дамыту ниетін көздей отырып;  
төмендегілер жайында келісті.

**1-бап**

Тараптар олардың елдеріндегі қазіргі заңдар мен нормаларға сәйкес екі Келісуші  
Тараптар территорияларындағы тиісті ұйымдар, мекемелер мен азаматтар арасындағы  
экономика, ғылым және техника ынтымақтастығын және дамытады.

**2-бап**

Тараптардың ұйымдары, мекемелері, компаниялары мен басқа субъектілері  
арасындағы келіссөздер мен келісімдер екі елдің қазіргі заңдары мен ережелеріне  
сәйкес осы Келісімде белгіленген ынтымақтастық нысандары мен шарттарының  
негізінде жүзеге асырылатын болады.

### **3-бап**

Тараптар мүмкін болғанынша орындау тәртібін, процедуралар мен уағдаластықтарды жеңілдетуге ұмтылады, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес ынтымақтастықтың жүзеге асырылуына жәрдемдеседі.

### **4-бап**

Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы экономика, ғылым және техника ынтымақтастығы жөнінде Аралас үкімет комиссиясын құруға келісті. Аралас комиссия екі Тараптың ұйымдарының, мекемелерінің, компаниялары мен өзге субъектілерінің өкілдерінен құралады.

Тараптар осы Келісімді және экономикалық ынтымақтастық саласында жасалған келісім-шарттарды орындауға байланысты арнайы мәселелерді келіссөздер немесе Аралас комиссияда талқылау жолымен шешуге келісті.

### **5-бап**

Аралас комиссия Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы экономикалық, ғылыми және техникалық қатынастарға үнемі бақылау жасап отырады. Осы қатынастарды дамыту мақсаттарында Аралас комиссия ортақ мүдделерді білдіретін, Тараптар арасында уағдаластыққа қол жеткізуге болатын, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, энергетика, электр энергиясы көлік, тұрғын үй құрылысы, білім, мәдениет, ғылыми зерттеулер, туризм, спорт, бірлескен жобаларды қамтиды және өзге салаларды анықтайды. Тиісінше бекітілген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қажетті шаралар қабылданады.

### **6-бап**

Тараптар Аралас комиссия оның өкілеттігіне қатысты проблемалар бойынша ақпаратпен және консультациялармен алмасу, сондай-ақ екі ел компанияларының арасындағы ынталандыру және байланыстарды жеңілдету құралы ретінде іс-қимыл жасайды деп келісті.

### **7-бап**

Тараптар Аралас комиссия өзінің мәжілістерін жылына бір рет кезекпен Қазақстанда және Египетте Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Египет Араб Республикасының Халықаралық ынтымақтастық министрлігі өкілінің төрағалық етуімен өткізеді.

## 8-бап

Осы Келісім әрбір Үкімет тарапынан қажетті конституциялық процедуралардың жасалғаны туралы хабар келген кезден бастап күшіне енеді және анықталмаған мерзім бойында қолданыста болады. Келісімнің қолданыс мерзімі Тараптардың бірі оны бұзғысы келетіні туралы жазбаша мәлімдеген соң алты айдан кейін тоқтатылады.

1993 жылы " " ақпанда Каир қаласында әрқайсысы қазақ, арабжәне ағылшын тілдерінде үш түпнұсқа дана болып жасалды, сондай-ақбарлық текстің күші бірдей. Осы Келісімді түсінуге байланысты келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі тексті басшылыққа алады. Келісімнің текстеріне орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Премьер-министрдің  
орынбасары*

*министрі*

*Египет Араб Республикасының  
Үкіметі үшін  
Халықаралық ынтымақтастық*